

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

Тартуова Улбира Курманбаевна

*«Сиқырлы қолдар» тақырыбында көркем еңбек
пәніне арнап жазылған*

АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

УДК 745.749

ББК 85.125

Рецензенттер:

Өнертану ғылымдарының магистрі, ҚР «Инновация» Оқу-әдістемелік Орталығының ғылыми қызметкері, оқытушы **А.Д. Әшірбаева.**

Экономика ғылымдарының магистрі, ҚР «Инновация» Оқу-әдістемелік Орталығының қызметкері **А.Д. Шагирбаева.**

Сиқырлы қолдар // құрастырушы автор: **У.К. Тартуова.** – Түркістан облысы, көркем еңбек пәнінің мұғалімі, 2021. – 50 б.

ISBN 978-601-5001-18-4

Құрастырушы автор 34 сағаттық күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып орындалған. Көркем еңбектен қыз балалардың өнерін дамытуды мақсат ете жасалған бағдарлама мемлекеттік білім беру стандартына сай жазылған.

УДК 745.749

ББК 85.125

«Инновация» Оқу-әдістемелік Орталығының 2021 жылғы «2» сәуірдегі №2 хаттамасына сәйкес сараптау комиссиясының шешімімен баспаға ұсынылды.

ISBN

978-601-5001-18-4

© «Инновация» баспа үйі, 2021

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«ИННОВАЦИЯ» ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БАСПАСЫНА ҰСЫНЫЛДЫ**



Рецензенттер:

Өнертану ғылымдарының магистрі, ҚР «Инновация» Оқу-әдістемелік Орталығының ғылыми қызметкері, оқытушы **А.Д. Әшірбаева.**

Экономика ғылымдарының магистрі, ҚР «Инновация» Оқу-әдістемелік Орталығының қызметкері **А.Д. Шагирбаева.**

Құрастырушы автор:

Тартуова Улбира Курманбаевна

Түркістан облысы Жетісай ауданы

№19 Амангелді атындағы жалпы орта мектебінің көркем еңбек пәнінің мұғалімі

© «Инновация» баспа үйі, 2021 жыл

Түсінік хат

«Шешеннің тілі – алтын,
Шебердің қолы – алтын» –

деп атам қазақ бала тәрбиесінде өмір тіршілігінің ертеңгі келешегіне, ұрпағының өнерлі боп өсуіне ерекше мән берген. Бала кезінен көзі көргенді көңілге тоқып, қолы үйреніп істей алатындай болуға бейімдендірген. Ұл бала болса үш өнерді, қыз бала болса үш өнерді білу парыз дейді екен. Сондағы бұл үш өнер не? Ұл бала таспа тіліп, өрім өре білу, шаш алып, мал сойып оны мүшелей білуі қажет. Ал қыз бала ине сабақтап, кесте тігу, ұршық ұстап, жіп иіру, арқау құрып, қап токуды үйренуі керек болған. Осындай қазақ арасындағы ортаға тән үш өнердің өзекті мәні тұрмыстағы өз қажетін өзі біліп, оны меңгеруге баулығаны болмақ. Мысалы, бір қамшының төрт таспа, алты таспа, сегіз таспа, он екі таспа болып кете баратын өрімі де болған. Бұйра қамшы, сарыала қайшы, тобылғы сапты қамшы, бұзау тіс, дойыр, дырау қамшы т.б. болып аталған. Ал тігін жөнінде басқасын айтпағанда: қайып тігу, қарбып тігу, бүріп тігу сияқты кете баратыны бар. «Өнерде өлшем, шек жоқ». Өнердегі өлшем ептілік, үйрену, жұртты сүйсіндіретін тамашасымен тамсандыруда жатыр.

Өнер – әсемдіктің ең жоғарғы түрі, өйткені ол табиғаттың әсемдігін де, адам еңбегімен жасалған заттардың әсемдігін де, сол адамның ұлылығы мен сұлулығын да, оның ой-арманын да өз бойына жинақтап, жан-жақты бейнелей алады. Өнердің көзі – халықта» – дегендей, халықсыз өнер, өнерсіз халық жоқ. Өнер өмірді сұлулықпен байытып, адамдардың эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. Өнер жақсыға сүйсіндіреді, жаманнан безіндіреді. Сондықтан технология пәнінің мұғалімдеріне өз сабақтарында халық қолөнері негіздерін енгізу – қазіргі күннің басты талабы. Технология саласы оқушыларды халық дәстүрімен, әдет-ғұрыптарының түрлерімен таныстыра отырып, ұлттық этика, эстетикалық қабілеттерін және әділеттік, инабаттылық дағдыларын қалыптастырады. Өзге халықтар сияқты қазақтың да балаларға қолөнер шеберлігін үйретуде ерте заманнан бері жиып-терген мол тәжірибелері бар. Өз ұрпағының «Сегіз қырлы, бір сырлы» өнегелі болып өсуін мақсат еткен ата-анамыз өз

бойындағы бар асыл қасиеттерін ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, насихаттап, үйретіп келген. Мұның өзі түптеп келгенде баладан шыдамдылық пен төзімділікті қажет етіп, алдына қойған мақсатына жетуге талпынуға, шеберлікке еңбексүйгіштікке тәрбиелейді. Сондай-ақ, оқушының сабақта алған білімін әрі қарай жалғастырып, дамытудың негізгі жолы болып есептеледі. Үйірме жұмысының нәтижесінде, үйірмеге қатысатын оқушылар үйірмеге қатыспайтын құрбыларына қарағанда анағұрлым толық мағлұматтарға қанығып, шеберлігі шындалып, ой-өрісі кеңейе түседі.

Қазіргі оқыту технологиясы барысында бала тек үйренуші ғана емес, үйренуші шәкірттен белсенді үйретуші, өзіндік ой-пікірі бар жан-жақты дамыған дара тұлға дәрежесінде болуы керек. Еңбек сабақтарында немесе үйірмелерде оқушы тек мұғалімнің үйретуімен, бұйым түрлерін жасаумен шектеліп қана қоймай, сонымен бірге оған талдау жасап, жасалу, өңделу технологиясына өз ой-пікірлері мен ұсыныстарын айтуға дағдылануы қажет. Сонда ғана балалар әр түрлі шығармаларды зерттей отырып, баға берумен өз бойларында келешек кәсіби ісіне қажетті эстетикалық ұлттық бағалы қасиетті қалыптастырады. Осы тұрғыда ежелгі гректің бір афоризмінде «Бала жаны – толтыратын бос ыдыс емес, тұтатуды қажет ететін алау» деген екен. Ал өз халқымызда «Бұлақ көрсең, көзін аш» дегендей, өнерге икемі бар, іскерлігі бар балалардың өнерге деген білімін қалыптастыру, іскерліктерін шыңдау жолында және де қолөнер туындыларының нұсқаларын үлгі тұта отырып, көнере бастаған түрлерін жаңарту, одан әрі дамыту мақсатында үйірме жұмыстарын жүргіземіз. Шығармашылық ізденудің нәтижесінде тұрмысқа керекті заттардың жаңа, сан алуан түрлері жасалып отырылады. Жалпы, халық арасындағы қолөнердің бай мұраларын жинап, сұрыптай отырып, заманымызға сай лайықты сапа, түр беру әдісімен оларды ілгері дамыта түсеміз.

Мектепте жүргізілетін көптеген тәрбие жұмыстарының бір саласы өскелең жас ұрпақты халқымыздың ұлттық қолөнеріне баулуға бағытталады, өнерге бейімділіктің алғашқы қадамы баланың өскен ұясынан бастау алып, мектеп қабырғасында оқу-тәрбие жұмыстары барысында ілгері дамытылып, байытылады. Бүгінгі таңда халқымыздың

ежелден желісі үзілмей келіп жеткен көне де ізгі дәстүрі жас ұрпақты ұлттық, сәндік қолданбалы қолөнердің тұнығынан сусындатып, әлем халықтарының шеберлерінің ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан таңқаларлық тамаша шығармаларымен таныстыра отырып, өнерге қанат қаққан шәкірттерді шеберлік шыңына жетелеп, дұрыс бағыт сілтеу, қолөнерге баулу – басты мақсатымыз. Баланың білімін тереңдетуде шығармашылығы, еңбекке қызығушылығы мен ой-өрісін кеңейтіп, талғамын жоғарылатуда қолөнер саласы бойынша тереңдетілген курстардың орны ерекше.

Вариативті курс жұмысының іс-тәжірибесіне көңіл аударар болсақ, баланың шығармашылық кезеңдеріндегі танымдық мүддесінің дамуы бейнелеу өнері, геометрия, математика, жануартану, өсімдіктану, сызу, физика т.с.с. пәндерге тікелей байланысты болатындығы аңғарылады. Бала оқу процесінде алған білімін іс жүзінде қолданып, қолөнер бұйымдарын дайындау кезеңдерінде пайдаланады. Курс жұмысы бір бағытта жүргізіледі. Ол – сәндік-қолданбалы қолөнер бағыты. Практикалық жұмысқа дұрыс бағыт-бағдар беру үшін жұмыс бағдарламасы құрастырылып, оның мақсаты мен міндеттері анықталды.

Бағдарламаның мақсаты:

- балаларға қосымша білім беруде оқушының білімін, шеберлігін көрсету;
- оқушыны шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылықтарын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету;
- белсенділігін қалыптастыру;
- өздігінен еңбек етуге дайындау, іскерлігін дамыту.

Бағдарламаның міндеттері:

- оқушыларды шығармашылыққа тарта отырып жобаны тани білуге, он саусағынан өнері тамған баланы тәрбиелеу;
- шәкірттердің шеберлігін, білім мен еңбегін көрсету;
- іскерлік, икемділік қабілеттерін арттыру;
- ғылыми жұмыстарға, көрмелерге қатыстыру.

Сабақтың түрлері: сарамандық, пікірталас, әңгімелесу, талдау, теориялық, машықтық, жеке, топтық түрінде технологиялық нұсқау карталар, үлгі суреттер, бұйымдар арқылы орындалуы жүзеге асырылады.

«Сықырлы қолдар» вариативті сабағының бағдарламасы – бүгінгі шәкірттерді еңбекқор, жан-жақты икемділік қабілеттері жетілген азамат етіп тәрбиелеуді көздейдін оқыту бағдарламасы.

Бағдарлама бойынша жас ерекшеліктеріне байланысты 8-сыныптарда оқитын оқушылармен сабақты ұйымдастыру әдістемесін, теориялық сабақтар мен практикалық жұмыстар үшін уақытты дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл бағдарлама негізгі орта, жалпы орта білім беретін мектептердің және қосымша білім беру мекемелерінің технология пәнінің мұғалімдеріне әдістемелік көмек ретінде ұсынылады.

Әрбір жетекші мұғалім өз пәнін жақсы біліп қана қоймай, үнемі ізденіс үстінде болу керек, жұмыс жасауға қажетті материалдарды көркем әдебиеттерден, баспасөз беттерінен, ақпарат құралдарынан іздестіре отырып, тақырыпқа байланысты элементтерін, дайын бұйым түрлерін, слайд-фильмдерді, әсіресе, компьютер арқылы фото туындылары т.б.с.с. көрнекі материалдарды барынша пайдаланып, көп еңбектенуге тура келеді. Қазір оқушыларымызға өнердің барлық түрлерін, колөнерге икемділіктерін толық меңгертуде, тәрбие берудің деңгейін көтеруде мақсатқа жету үшін түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады.

Оқушыларға арналған қосымша білім берудегі вариативті курстың күнтізбелік-тақырыптық жоспарының құрылымы аптасына 1 сағаттан жыл бойына 34 сағат өту жоспарланған.

**Көркем еңбек пәнінен (қыз балалар) вариативті сабақтардың
күнтізбелік-тақырыптық жоспары.**

Аптасына 1 сағат.

Сыныбы: 8-сынып.

P/c	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Ресустар мен әдіс-тәсілдер	Мерзімі
1	Техника қауіпсіздігі жайлы түсінік. Еңбек құралдарын пайдалану жолдары	1	Қайшы, ине, т.б. құралдармен жұмыс жасауды үйрету.	
2	Ою-өрнек бастырмалар. Құрақ тігу	1	Түсіндіру	
3	Мата таңдау. Сызбасын сызу. Оюды ою	1	Түсіндіру	
4	Оюды матаға көктеу	1	Түсіндіру	
5	Оюды матаға көктеу	1	Түсіндіру	
6	Алжапқыш пішу	1	Үйрену	
7	Алжапқыш тігу	1	Үйрену	
8	Белдемшенің күрделенген үлгісі, белдемшені пішуге дайындау	1	Үйрену	
9	Тік белдемшені модельдеу»	1	Үйрену	
10	Құракты астарлау	1	Үйрену	
11	Құрактың шеткі тігісін тігу	1	Тігу тәсілін үйрену	
12	Ішін толтыру	1	Материалды дайындау	
13	Аспаздық қолғап тігу, қолғапты пішу	1	Түсіндіру	
14	Бір қолғапты машинада сырып тігу. Екінші	1	Сырып тігуді түсіндіру	

	қолғапты машинада сырып тігу			
15	Қолғаптын шетін машинада тігу. Қолғапқа ілгек тігу	1	Түсіндіру	
16	Қазақтың ұлттық әйелдер киімі. Үлгілеу, пішу, жапсырмалау	1	Қазақтың ұлттық әйелдер киімі. Жапсырмалау әдісі	
17	Қазақтың ұлттық ерлер киімдері. Үлгілеу, пішу, жапсырмалау	1	Қазақтың ұлттық ерлер киімдері.	
18	Ұлттық бас киімдер. Қыздар тақиясы	1	Ұлттық бас киімдер түрі	
19	Тақия бөліктерін біріктіріп тігу	1	Тігу тәсілі	
20	Тақияны астарлау	1	Түсіндіру	
21	Қоржынды пішу. Қоржын тігу. Сызбасын сызу	1	Қоржын түрі	
22	Қоржынның бір басын тігу. Қоржынның екінші басын тігу. Қоржынды оюлап тігу	1	Тігу тәсілі	
23	Шұлық тоқу. Шұлықтың басын тоқу. Өкшесін тоқу	1	Резеңке тоқу тәсілі	
24	Өкшесін тоқу	1	Өкшесін тоқу тәсілі	
25	Шұлықтың басын тоқу	1	Шұлықтың басын тоқу	
26	Шұлықтың басын тоқтату	1	Тоқтату тәсілі	
27	Шарф тоқуға жіп теру	1	Жіп теру тәсілі	
28	Шарфты тоқып бастау	1	Тоқу тәсілі, оң, теріс шалу	
29	Шарфты тоқу	1	Тоқу тәсілі, оң, теріс шалу	

30	Тігін машинасының түрлері	1	Аяқтау тәсілі	
31	Тігін машинасы және машина тігістері. Қоса тігу.	1	Бізбен тоқу тәсілі	
32	Дөңгелекті бастау тізбектей тоқу	1	Тізбектей тоқу тәсілі	
33	Дөңгелекті бағанша тәсілімен тоқу.	1	Бағанша тоқу тәсілі	
34	Дөңгелектің шетіне шілтер тоқу.	1	Шілтер тоқу тәсілі.	

Барлығы: 34 сағат

№1 сабақ
Қауіпсіздік ережелері (көркем еңбек пәні бойынша)



Қол инесімен жұмыс.

1. Үнемі арнаулы қобдишада сақтау керек.
2. Инені киімге қыстыруға болмайды.
3. Тігіс кезінде ине жібін тіспен үзуге болмайды.
4. Инемен жұмыс кезінде оймақ киген дұрыс.
5. Инені тістеп отыруға болмайды.
6. Инемен ойнап отыруға болмайды
7. Инені пердеге, көйлекке қыстырып кетуге болмайды.

Қайшымен жұмыс.

1. Қайшыны арнаулы қобдишада сақтау керек.
2. Қайшыны жолдасына үшкір ұшымен берме.
3. Қайшыны ашық қалдыруға болмайды.
4. Жолдасың қайшымен жұмыс істеп жатқан кезде көңілін бөлуге болмайды.
5. Қайшының ұшын жоғары көтерме.
6. Қайшылар өткір болуы керек және жабық сақталғаны жөн.

Үтікпен жұмыс.

1. Үтіктеу алдында өткізгіштің үзілген желінген жерлерін тексеру керек.
2. Үтікті мата түріне қарай қыздыру керек.
3. Үтікті тек тұтқасынан ұстаған дұрыс.
4. Үтікті арнайы тіреуішке тіреу керек.
5. Үтікті тек мұғалімдердің рұқсатымен тоққа қосуға болады.
6. Ылғал қолмен тоққа қосылған үтікті ұстауға болмайды.

Тігін машинасы.

1. Машинаның айналатын бөлшектеріне шам ілініп кетпеуі үшін шашыңды жинақы ұстау немесе басты орамалмен байлап алу керек.
2. Тігу кезінде матаны қолмен тартуға болмайды ине сынып кетуі мүмкін.
3. Жұмыс кезінде машина табанының астында бөгде заттар қайшы, оймақ және т. б. болмауы керек.
4. Тігін машинасында жұмыс істеу кезінде қозғалыстағы бөлшектерге жақын еңкеюге болмайды.
5. Тігу барысында жарық алдыңнан немесе сол жағыңнан түсуі керек.
6. Тігін тігушімен машинаның арақашықтығы 10-15 см болуы керек.
7. Жұмыс орны жақсы жарықтандырылған болуы керек.
8. Тетікті орнатқан кезде аяқты табанға басып тұруға болмайды.
9. Машинаның инесіне жіпті өткізгенде аяғыңды табаннан алып тастау керек.
10. Машина табанының астына матаны бекітпей оны оралған жібімен жүріске жіберуге болмайды.

№2-сабақ

Тақырыбы: «Ұлттық ою-өрнек түрлері».



Білімділік мақсаты: оқушыларды ою-өрнек түрлерімен таныстыру, ою-өрнек салу арқылы қолды жаттықтырып, оқушылардың шеберлігін ұштау.

Коррекциялық: оқушылардың есте сақтау қабілетін шыңдау, ой-өрісін, сөз байлығын, тілін дамыту.

Тәрбиелік: оқушыларды халқымыздың асыл мұраларын, салт-дәстүрін, өнерін құрметтеуге, ұйымшылдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Түрі: дәстүрлі

Әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап, жеке және топпен жұмыс.

Пәнаралық байланыс: Музыка, тарих, бейнелеу өнері, математика.

Көрнекіліктер: Ою-өрнек түрлері салынған суреттер жинағы, «Ақсақ құлан» күйі, диск, түрлі-түсті қағаз, қылқалам, желім, қайшы, қарындаш, аппликация.

Алдын-ала жұмыс: Оқушылар мен ою-өрнек үлгілерін салып, оларды қиып, дайын шаблондар жасау, еңбек туралы мақал-мәтел жаттау.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі, топтастыру

II. Кіріспе сөз

- Балалар, бүгінгі біздің тақырыбымыз «Ұлттық ою-өрнек түрлері» деп аталады. Біз бүгін ұлттық ою-өрнек түрлерімен, шығу тегімен танысқалы отырмыз. Ою-өрнек латынның орнамент – әсемдеу, сәндеу деген сөзінен шыққан. Қазақтың ою-өрнектерінің түрлері де, атаулары да көп, 360-қа тарта түрлері қарастырылады.

Ою-өрнек өнері ғасырлар бойы қазақ халқының бейнелеу өнерінің жеке түрі болып келеді. Үй ішінің тұрмысына қажетті заттарды, ұлттық киімдерді, бұйымдарды әшекейлеу үшін қолданған.

III. Негізгі бөлім

1. Ұлттық ою-өрнек туралы мәлімет беру:

Ұлттық ою-өрнектерді төрт топқа бөлген:

1. **Зооморфтық** – жануарларға, малдың денесіне, ізіне байланысты өрнектер;
2. **Өсімдік бейнелі** – жапырақты гүлдер, ағаш, шыршық, жетігүл өрнектер;
3. **Космогониялық** – ай, күн, жұлдыз және аспан әлеміне байланысты өрнектер;
4. **Геометриялық** – ромбылар, иректер, жұлдызшалар, үшбұрыштар және көпбұрыштар.

Әр ою-өрнектің астарында мағына болады. Мысалы: «қошқар мүйіз» оюы молшылықты меңзейді, «ағаш» оюы ынтымақ бірлікті, «ирек» оюы адамның өмір жолы, судың белгісі, «шеңбер» оюы жарық өмір жолы дегенді білдіреді.

2. Сергіту сәті. «Ойнайық та, ойлайық» ойыны.

Шарты: Музыка ойнатылады. Балалардың қолындағы ою үлгісі бір-біріне беріліп отырады. Музыка тоқтаған кезде ою-үлгісі қай баланың қолында қалып қойса, сол бала еңбек туралы мақал-мәтел айтуы тиіс.

3. Сарамандық жұмыс.

Өткенді еске алып, ойға толам,
Сұрыптап тезге салып, көп ойланам,
Ой түбіне жете алмай титықтасам,
Қолыма қайшы алып, ою оям –

деп Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай біз де келесі сарамандық жұмыс бөліміне көшеміз.

Оюдың жапсырылған макетін оқушыларға таныстыру.

Оқушылар қолмен ұстап таниды, тамашалайды, қызыға қарап тезірек үйренгілері келеді.

Қауіпсіздік ережесін айтып кету.

Төртқұлақ өрнектің ортасы жіліншік өрнегі тектес болып келетін, төрт тармағына мүйіз өрнегі қондырылған ең көне ою-өрнек түріне жатады.

Ақ қағаздан қайшымен қиып алған ою-өрнектің шаблонын әр түсті жапсырма қағаз бетіне қойып, қарандаш арқылы сызып түсіреміз. Оқушылар жапсырма қағаз бетіне түсірген ою-өрнектерін қайшымен қиып алады.

Дайындалған диск бетіне диагональ сызықтарын жүргізу арқылы центрлік нүктесін табамыз. Алынған оюды дисктің центріне тигізіп, жапсырма қағазымызды жапсырамыз.

IV. Бекіту

1. Оқушылар жасаған бұйым жұмыстарын тексеру.
2. Сұрақ қою арқылы тәрбие сағатын бекіту.
3. Өрнектердің неше түрлері мен атаулары бар? /360-қа тарта/
4. Ою-өрнектерді қандай топтарға бөлуге болады?
5. Ата-бабаларымыз ою-өрнекті не үшін қолданған?
6. Кімнің жасаған заты көбірек ұнайды?
7. Тәрбие сағаттан алған әсерлерің қандай?
8. Өзің қағаз бетіне емес, мата бетіне түсіре аласың ба?

VI. Қорытынды

Міне, қолдарыңда өздерің істеген заттарың бар. Осы ою-өрнекті қиып, тігіп, басып үй ішіне керек заттарды әшекейлейтін әйел адамдар,

аналар. Олай болса, осы өз қолдарыңмен істеген заттарыңды кімге сыйлайсыңдар? Аналарға? Дұрыс. Ертең үйге барғанда жылы сөздеріңмен, қуанышты көңілдеріңмен аналарына табыстауға тілек етемін.

Қазақ халқының сай-дәстүрін ұмытпай, жалғастыруға өз үлестеріңді қосады деген оймен бүгінгі сабағымызды аяқтаймыз.

№3-сабақ



Сабақтың тақырыбы: «Оюды матаға көктеу»

Сабақтың мақсаты:

Білімділігі: Оқушылардың ою-өрнек туралы түсініктері мен шеберлік дағдыларын қалыптастыру.

Дамытушылығы: Есте сақтау қабілетін дамыту, қолөнерге қызығушылығын арттыру.

Тәрбиелігі: Шеберлікке, үнемділікке тиянақтылыққа баулу, әдемілікті сезіне білуге, шебер адамдарын құрметтеуге, олардың еңбектерін бағалауға тәрбиелеу.

Сабақ түрі: Топтық сайыс сабақ.

Сабақ типі: Қорытынды сабақ.

Сабақ әдісі: Түсіндірмелі, сұрақ-жауап, топтық жұмыс.

Сабақтың көрнекілігі: Бүктеме, альбом, бағалау парағы, қағазға жапсырылған оюлар, кесте тігістері, матаға басылған оюлар.

Пәнаралық байланыс: Бейнелеу өнері, математика.

Қажетті құрал-жабдықтар: Ақ, түрлі-түсті қағаз, желім, қайшы, бір түсті маталар, ине, жіп.

Қауіпсіздік ережесі: Қайшымен, желіммен дұрыс жұмыс жасау.

Сабақ барысы:

1.Ұйымдастыру кезеңі:

А) оқушыларды түгелдеу.

Б) құрал жабдықтарын тексеру (2 минут).

2. Сайыс сабақ.

Топқа бөлу.

Оқушылар 3 топқа бөлінеді. 3 топқа ақ қағаз тартылады.

I.«Қандай ою-өрнектердің түрін білесіңдер?» деген сұраққа әр топ жауаптарын жазады (5 минут).

(Ботамойын, қошқармүйіз, түйемойын, бұғымүйіз, сынамүйіз, қармақ, бүршік, ирек, толқын, сынықмүйіз, қолтықша, арқармүйіз, құсқанаты, шырмауық, ғарыш сипаттағы өрнектер).

II.Түрлі-түсті қағаздан ою қиып, ақ қағазға жапсыру (5 мин). Әр топ өздері жасаған ою-өрнектерін ақ қағазға жапсырады.

III.Қиған оюларын матаға орналастырып тігу (15 минут).

Әр топ өздері «қошқармүйіз» оюын матаға орналастырып тігеді. (көктеу)

IV. Сұрақ-жауап (10 минут), Әр топ сұраққа жауап береді.

I топ:

Қазақ халқы қандай оюды ерекше пайдаланады? (қошқар мүйіз)

Симметрия дегеніміз не? (бүктелген бөліктердің екеуі де дәл келуін симметрия дейді).

Ою-өрнектер кімнің қандай бөлшегіне орналасады? (алдыңғы өңір жиектеріне, жеңіне, етегіне т.б.).

II топ.

Қағазға оюды қандай тәсілмен орындайды? (бір бүктеу, екі бүктеу, үш бүктеу, т.б. күрделеніп орындалады).

Ою-өрнекпен қандай бұйымдарды әшекейлейді? (қоржын, түскиіз, текемет, жүкаяқ, кебеже т.б.). Бұйымға орналасқан оюды уақытша қандай тігіспен орындайды? (көктеу тігісі).

III топ:

Ою-өрнек дегеніміз не? (қазақтың ою және өрнек деген қос сөзі біріге келіп, латынша орнамент деген ұғымды білдіреді)

Қандай өрнектер қазақ ою-өрнек өнерінің негізі болып табылады? (мүйіз бейнелі айшықтар).

Сәукелені кімдер киеді, оны немен әшекейлейді?
(Сәукеле – қалыңдықтың бас киімі. Оны алтын, күміс, маржан тастармен әшекейлейді)

V. Қорытынды: Бұл бөлімде үйден дайындап келген оюларын тапсырады (5 минут).

Тапсырма: Ою-өрнекті күрделі тігу (1 минут).

Бағалау парағы: Әр топты бағалай отырып, қай топтың жеңіске жеткенін айтамын (2 минут).

Сабақтың тақырыбы: Ұлттық бас киімдер. «Бас киімдердің түрлері.
Ою туралы жалпы түсінік»



Сабақ мақсаты:

Білімділік: Оқушыларға бас киімдерінің ерекшеліктері, түрі, пайдалану және тұтыну ерекшеліктері туралы білімін тереңдете отырып, қазақ халқының ою-өрнек түрлеріне түсінік беру және олардың түрлерімен таныстыру.

Дамытушылық: Оқушылардың эстетикалық талғамын арттырып, бас киім тарихын зерттеуге қызығушылығын ояту, ойын, қиялын, тілін дамыту.

Тәрбиелік: Бас киімдерге байланысты жөн-жоралғылардың мән-мағынасын, ырым-тыйымдардың тәрбиелік мәнін аша отырып, өз қолымен жасай білуге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ.

Сабақтың әдісі: Сұрақ-жауап, топпен жұмыс, түсіндіру

Сабақтың көрнекілігі: слайдтар, дайын бұйымдар, буклет.

Керекті құрал-жабдықтар: Мультимедиа, ою қиылған үлестірмелі қағаздар.

Сабақ жоспары:

I. Ұйымдастыру кезеңі

II. Үй тапсырмасын тексеру

Техникалық қауіпсіздік ережелерін пайдалану.

III. Жаңа тақырыпты түсіндіру

IV. Оқушы білімін пысықтау

1. «Көп оқыған көп білер» мақал-мәтелдер сайысы.

2. «Мұны білу пайдалы» бас киімдерге қатысты ырым-тыйым сөздер.

3.«Кім жылдам?» қалаған 1 бас киім макетін жасап, ою ойып, жабыстыру.

4. «Жеті жұрттың тілін біл...»

Қорытындылау

1.Тест сұрақтарына жауап беру.

V. Сабақты бекіту

1. «БҮҮ» бойынша бекіту

VI. Үйге тапсырма беру

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру бөлімі: Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу.

Үй тапсырмасын тексеру:

III. Жаңа сабақ

Қазақ халқы ешқашан жалаң бас жүрмеген. Ер адам, әйел адам өзіне сай бас киім киген. Жалаң бас жүрмеудің экологиялық, эстетикалық негізі бар. Бас киім қыста аяздан, жазда күннің ыстығынан қорғайды. Денсаулыққа аса үлкен мән берген ата-аналарымыз бас киімге аң, мал терілерін пайдаланған, тыстық ретінде берік, тығыз, шыдамды барқыт, драп секілді маталарды пайдаланған. Бас киім екі топқа бөлінеді: ерлер және әйелдер бас киімі. Ер адамдардың бас киімдері де әр түрлі. Олар тақия, жаздық және қыстық бас киім киген. Жазда ақ киізден бастырылған қалпақ киген. Ал дәулетті адамдардың баскиімі қымбат жіптермен кестеленген. Ерлердің қыстық бас киімі терімен тысталған. Ер адамдар негізінен малақай, түйе терісінен тігілген баулы жалбағай киген. Ол шаң тозаңнан, күн өтуден, жаңбыр мен қардан қорғайтындықтан, басқа бас киімнің сырттарынан киеді. Қыздар жазда ашық түсті жібек матадан немесе барқыттан тігілген төбесі жайдақ, көбіне кәмшат терісімен көмкерілген тақия киген. Тақияға тіл-көзден сақтасын деп үкі таққан. XX ғасырдың аяғында қыздарға қызыл орамал «шәлі» тағу сәнге айналған.

Қыз балалар тұрмысқа шыққанда басына киетін сәукеле – ғажап қолөнер туындысы. Сәукеленің ою-өрнектерін құйып, соғып шебер

тігінші-зергерлер жасаған. Бір сәукеленің тігудің өзіне жылдан астам уақыт өткен. Ерте кезде сәукелеге қарап қыз балалардың әлеуметтік жағдайын анықтаған. Ал әйел адамдар кимешек киген. Әжелер жаулық киген. Осы бас киімдердің барлығына зер салып қарайтын болсақ, бәріне де қазақ халқы ою басып тігетін болған.

Ою дегеніміз – бұйымға түсірілген өрнекті пышақпен кесу арқылы өңдеу, бұйымды шабу кезіндегі ойып өңдеу жұмыстары.

Өрнек дегеніміз – кез-келген бұйымның сыртына түсірілген біртұтас байланыстырылған әшекей.

Қазақ халқының ою-өрнекке деген ынтасы және сұлулыққа деген көзқарасы өте жақсы дамыған. Ою-өрнекті жан-жануардың дене мүшесінің бір бөліктеріне байланысты оюлар ойлап шығарған. Ай, күн, жұлдызға арналған, көк әлемге байланысты ою-өрнектер және табиғатқа байланысты ою-өрнектер де көптеп саналады. «Ою-өрнекті» сөзінің мағынасы бір-біріне жақын сөздер. Қазақтар көбінесе бір өрнекке салынып, қиып алынған үлгіні, үлгіге сай кескен сырмақтың қиығын, сондай-ақ, мүйіз тектес ою-өрнекке қосылатын барлық «қошқар мүйіз» ою-өрнектерін де ою деп атайды. Ал ою-өрнек деген сөзіміз латын тілінен алынған «орнамент» деген ұғымды білдіреді. Мағынасы – әсемдеу, сәндеу деген сөзінен шыққан. Әсемдеудің кең таралған бір түрі – жан-жануарлар, өсімдіктер немесе геометриялық фигура элементтерімен үнемі ырғақты қайталанып келуі десе болады. Ою-өрнек өнеріне тұрмыстық жабдықтармен қатар аң аулауға, мал өсіруге және егіншілікке қажет құрал-жабдықтар да кіреді. Қазақ ою-өрнек атауларын халықтың мәдени-әлеуметтік өміріне байланысты өзгеріп отырады. Қазақ халқының қолөнерінде ою-өрнек салынбай жасалған бұйымдарды кездестіру қиын. Оларды киіз басудың өзінде киіздің үстіне басқа түсті жүн жабыстыру арқылы басқан. Ши токудың өзінде ою-өрнекті қолданған немесе киіз бетіне басқа матамен ою салып сырып тіккен. Кесте өнеріндегі текемет, аяққап, қоржын сияқты бұйымдарды кестелеудің өзінде ою-өрнек қолданамыз. Ою-өрнек салып жасалған бұйымдар көздің жауын алады, өте әдемі көрінеді. Әр ою-өрнектің астарында мағына болады. Мысалы, «қошқар мүйіз» ою молышлықты меңзейді, «ағаш» оюы ынтымақты, бірлікті, «ирек» оюы адамның өмір жолы, судың белгісі, «шеңбер» оюы жарық өмір жолы

дегенді білдіреді, «гүл» оюы барлық гүл түрін тұспалдайды. Бұл өрнектің түрі қолөнер бұйымдарында үш жапырақтан басталып, 12 жапырақты ою-өрнекке дейін кездеседі. «Жапырақ» оюы – ағаштың барлық өсімдіктердің жапырақтарын тұспалдайтын ою-өрнек. «Балдақ» оюы бүркіт ұстаған қолдың білегіне киіліп тұратын жоғары басы балдақ сияқты жарты шар формасына келеді. «Қазмойын» оюы құстың мойнын тұспалдауынан шыққан. «Түйетабан» – түйенің басқан ізін долбарлайтын күрделі ою-өрнек. «Төртқұлақ» төрт тармағы зооморфты немесе өсімдік оюларынан құралған. «Ботагөз» оюы – сыртық пішіні ботаның көзіндей ромб тәріздес геометриялық ою-өрнек. «Өркеш» оюы түйенің қос өркешін бейнелейді. Қазақ ою-өрнектерінің ішіндегі ең көп кездесетін түрі – зооморфты оюлар. Ертедегі көшпенділердің негізгі шаруашылығы мал болғандықтан, олардың дүниетанымы осы кәсіппен тікелей байланысты.

IV. Оқушы білімін пысықтау

1.«Көп оқыған, көп білер» мақал-мәтелдер сайысы

Бас жарылса, бөрік ішінде,
Қол сынса, жең ішінде.
Бас болмақ оңай,
Бастамақ қиын.
Тіл тас жарады,
Тас жармаса,
Бас жарады.
Адам көркі – шүберек,
Тал көркі – жапырақ.
Қолында алтыны бар,
Ақылыңды емес, шапаныңды сыйлар.
Кісі аты тершіл,
Кісі киімі кіршіл.

2. «Мұны білу пайдалы» бас киімдерге қатысты ырым-тыйым сөздер.

Киімді оң қолдан бастап киіп, сол қолдан бастап шешеді.
Тозбаған киімді тастауға болмайды.
Киімді сілкіп киген жөн, өйткені киімге жабысқан улы жәндіктер болса, ұшып түседі.
Қыздарға ер баланың киімін киюге болмайды. Жаман ырым.

Киімнің жағасын басуға болмайды.

Бас киімді теріс киюге, лақтыруға болмайды. Бас киімді әрқашанда таза, ұқыпты ұстап, босағаға емес, төрге ілу керек.

Қыз бала басына ақ, қара орамал тартпайды. Ақ – жаулықтың, қара – қайғының белгісі болып саналады.

Садақаға кім берсе, оның түймесін қиып алады.

3. «Кім жылдам?» қалаған 1 бас киім макетін жасап, ою ойып, жабыстыру.

Қорытындылау

4.«Жеті жұрттың тілін біл...»

1.Тест сұрақтарына жауап беру.

Сұрақтар	Жауаптар	Дұрыс жауабы
1.Ою-өрнектің неше түрі бар?	А) 300 Б) 400 С) 500	
2.Гүл оюы нені бейнелейді?	А) бейбітшілік Б) қуаныш С) дархан	
3. «... аузынан шөп алмайтын момын» теңеуі қай түлікке арналған ою-өрнекте кездеседі?	А) итқұйрық Б) сынық мүйіз С) қошқар мүйіз	
4.Жануар тектес ою-өрнек.	А) иттіс Б) ботагөз С) құмырсқа	
5. Найман руының оюы?	А) жебе Б) босаға С) үш айырық алау	

6.Геометриялық ою-өрнек?	А) құсмұрын Б) сүйір С) жауқазын	
7. Кесте өнерінде көп қолданылатын оюды атаңыз.	А) жылан Б) қырықшақа С) алтын жіп мүйіз	
8. Бас-аяғы жоқ ою?	А) итқұйрық Б) тарақ С) сұлама	
9.Үзілмес бағыт, мәңгілік нышаны қай оюмен өрнектеледі?	А) өткізбе Б) төртүшкіл С) дөңгелек	
10 Көне әлемге байланысты өрнектер?	А) шұғыла Б) тышқан С) көбелек	

V. Сабақты бекіту

1. «БҮҮ» бойынша бекіту

Білгенім	Үйренгенім	Үйренгім келеді

VI. Үйге тапсырма беру

Қорытындылау.

1. Қазақтың ою-өрнектерін неше топқа бөлуге болады?
2. Композициялық құрылымына оюлар неше топқа бөлінеді?
3. Қазақ ою-өрнектерінің ішіндегі ең көп кездесетін оюлар.

Бағалау. Жұмысты саралап, сараптау, жұмысқа баға беру.

Үйге тапсырма:

Сабақтың тақырыбы: «Мата түрлерімен жұмыс, құрақ құрау әдісі»
(8-сынып қыз балаларына)



Сабақтың мақсаты: құрақ құрау әдісін үйрету, құрақтың түрлерімен танысу.

Білімділік: құрақтың тұрмысымыздағы алатын орны жайлы білім беру, жалпы көрпе-жастықтың қажеттілігіне тоқталу.

Дамытушылық: құрақ өнерін жетілдіру, дамытуды үйрету.

Тәрбиелік: құрақ құрау өнері арқылы қыз баланың әсемдікке, кез келген затты қиюластыра білуге, үнемділікке тәрбиелеу.

Сабақтың міндеті:

1. Мазмұнға байланысты міндеттер: құрақ көрпешенің жасалу жолы, түрлері, қолданысы жайлы түсінік алады.
2. Сын тұрғысынан ойлауды дамытуға байланысты міндеттер: мәтінмен жұмыс жасай отырып, талдау жасайды, зерттейді, салыстырады, өз көзқарасын білдіріп, пікір айтады.
3. Топтық жұмысқа байланысты міндеттер: бір-бірімен пікірлесе отырып, ортақ қорытынды шығарады, өзгенің пікірімен санасуға, бағалай білуге үйренеді.

Сабақтың түрі: дамыта оқыту.

Пәнаралық байланыс: геометрия, сызу, математика, дүниетану, бейнелеу өнері.

Сабақтың көрнекілігі: құрақтың түрлі үлгілері, түрлі маталар, түрлі-түсті қағаздар, қайшы, бор, өлшегіш, ине, жіп, дәптер, қалам, т.б.

Сабақтың әдісі: зерттеу, жүйелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі. Қауіпсіздік ережелерін еске түсіру.

Сабақтың эпигрофы:

Әжелер киім тіккенде,

Тастамапты қиықты.

Әр алуан қиып түскенде

Дорбаға салып жиыпты,

Көп киім тігіп біткенде,

Қиықты сәндеп тіккенде,

Құрақ көрпе болыпты.

II. Жаңа сабақты түсіндіру

а) шығу тарихы;

ә) құрақ түрлері;

б) қолданылуы;

в) құрақ құрау әдісі;

Құрақ – мата қалдықтарынан жасалатын үй бұйымының бірі. Орыс тілінде құрақ құрау өнері «Лоскутное шитье» деп аталады. Орыс халқының құрақ құрау өнері өте ерте заманнан келе жатыр. Шығыста, Мысырда, Каир төңірегінде үш мың жыл бұрын тігілген құрақ бұйымдар табылған. Ағылшын тілінде құрақ құрау өнері «Patchwork» деп аталады. Жапон халқында құрақ «сашико» деп аталады. Америкада әр түрлі ұлт өкілдері тұратын болғандықтан, онда құрақ құрау өнері ертерек пайда болған.






Қазақ халқының қолөнері өзінің қайталанбас көркемдігімен, дәстүрлі әдісімен дараланып тұрады. Көнеден қалған бұйымдар өрнегінің ерекшелігімен адамды баурап алып, тарих қойнауына жетелейді. Шеберлердің қолдарынан шыққан бұйымдар күнделікті тіршілікпен қатар сол заманның қолөнер мәдениетінің баға жетпес үлгісі. Шеберлердің, ұсталардың, зергерлердің, кілемше мен тігіншілердің суретшілік қасиетімен бірге жетілдіру дарыны да қатар

дамыған. Солардың арқасында түрлі үй мүліктері, жиһаздар жаңа түрге еніп, жетілдіріліп, асыл дүниелерге айналып отырған. «Шеберді шілтерінен танысың», «Шебердің қолы ортақ» деген ел ішіндегі сөздер бекер айтылмаса керек. Хас шеберлікке жету үшін дарын, білім, іскерлік пен шыдамдылық керек.

Қолөнерінің алатын орны ерекше, ол әрбір ұлттың өзіне тән меншікті өнері болып саналады. Халықтың мәдени дәрежесі өскен сайын қолөнері де дамып отырған. Қазақтың өрнекті әшекейімен істелетін қолөнерінің түрлері өте көп. Шығармашылық ізденіс үстіндегі халық шеберлері тұрмысқа қажетті қолөнерінің алуан түрін өмірге алып келуде. Соның бірі – құрақ құрау. Бұл аса шеберлікті, шыдамдылықты қажет ететін қолөнер.

Құрақ дегеніміз не? Біздің қазақ тілінде құрақ сөзінің екі мағынасы бар. Біріншісі – көлдің жағасында өсетін өсімдікті құрақ десек, екіншіден, мата қиындысынан жасалатын бұйымды құрақ дейді. Яғни, құрақ дегеніміз – шығынсыз өнім жасаудың бір түрі. Негізінен құрақтың 200-ден аса түрі бар. Соның ішіндегі төртбұрыш, сегіз сай, мүйіз құрақ, қиық құрақ, үшбұрыш, аққу, шахмат, торкөз, гүл құрағы, майда құрақ, жұлдызша құрағы ел ішінде кеңінен тараған. Құрақ құрау техникасы екі бағытта дамып келеді: АҚШ, Германия, Швеция сияқты елдердің мұражайларында құрақ техникасы сәнімен орындалған бұйымдардың коллекциялары бар. Мұндай қазақ халқының тұрмыс тіршілігінен хабар беретін бірқатар бұйымдар Қастеев мұражайына да қойылған. Материал түстерінің үйлесімділігін, геометриялық шешімін тауып орналастырып, қайталанбас колорит алуға болады. Құрақтардан жасалған заттар өзінің ерекшелігімен, түстерінің әр түрлі болуымен бізді өзіне ерекше тартады. Құрақ құрау технологиясы тұрмыс бұйымдарын дайындауда қолданылады. Құрақтан жасалған бұйымдар: жастық тыс, көрпе (орыс, қазақ, ағылшын), дастарқан, майлық, ұстағыш қолғап, жапқыш, кілем, дорба, баскиім, киімдер, сувенир немесе аксессуар ретінде – сәнді сөмке, әмиян, т.б.

Тақырыбы: «Түрлі пішіндегі тұмарларды ою-өрнек, тесьмамен безендіру»



Мақсаты: Ою-өрнек туралы қысқаша түсінік беру. Ұлттық өнер түрлерімен таныстыру.

Ою-өрнек арқылы оқушылардың ой-өрісін, шығармашылық қабілетін, білімін жан-жақты дамыту. Халқымыздың асыл мұраларын, салт-дәстүрін, өнеріне жақын болуға, құрметтеуге тәрбиелеу.

Әдісі: Практикалық, сұрақ жауап

Көрнекіліктер: қол өнер бұйымдары.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі: Тренинг жүргізу. Оқушылардың назарын тақырыпқа аудару, даярлықтарын тексеру.

Тренинг: «Ғажап ұйқы»

Тренинг мақсаты: Қатысушылардың бойын босаңситу, қажу, шаршауды басу.

Жүргізу барысы: Жүргізуші ойынды жүргізу барысында қатысушылардың көздерін жұмуын сұрайды.

Кірпігімізді төмен түсірейік, көзіміз жұмылады. Енді еркін демалайық. Ғажап ғана ұйықтасақ шаршағанымыз ұмытылып денеміз босансиды.

Шөпте жатқандай сезінейік. Жасыл жұмсақ шөпте жатырмыз. Күн нұрын бізге төгіп тұр. Қолымыз біздің жып-жылы. Күн ыстық.

Таза ауада тамаша тыныстадық. Біз еркін тыныстадық. Ғажап ғана ұйықтадық. Оянатын сәт келді. Көзімізді ашамыз.

Өткенді қайталау. Сұрақ–жауап.

1. Тұмардың қандай түрлерін білесіңдер?
2. Тұмарды не үшін пайдаланады?
3. Тұмар неше бөліктен және қандай пішіндерден тұрады?
4. Өткен сабақтарда тұмарды қалай жасап дайындадық.

Жаңа сабақ.

Мұғалім: Бүгінгі сабақта тұмарымызды ою-өрнекпен безендіріп әшекейлейміз.

Ою-өрнек қазақ даласына оқу-сызу пайда болмай тұрғанда дүниеге келді десе де болады. Ою-өрнекті белгілі бір адам немесе қолөнер шеберлері ойлап тапқан жоқ. Оны халық ойлап тапты. Адамдар ертеден-ақ өздерін қоршаған айнала дүниені тасқа бейнелеген, бертін келе киім-кешектеріне, қолданатын бұйымдары мен ыдыстарға қарапайым сурет ретінде салған, осылай бірте-бірте ою-өрнек пайда болды. Ал біздің халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде ою-өрнектің алар орны үлкен. Әр шебер бұл өнерді өз үлгісінде әртүрлі дамытқан, өзі жасаған оның астарына өзінше терең ұғым сыйғызған, сондықтан ою-өрнектің тілін, сырын, тарихын сол шеберден артық ешкім білмейді.

Қошқармүйіз тәріздес ою мал шаруашылығымен айналысқан халқымыздың көшпелі өмір салтына байланысты туған. Мысалы, бұйым ортасына қошқармүйіз салып, шет-шетіне «шаршы» немесе «су» оюлары салынады. Мағынасы туған жер төсін толтырған отар-отар қой болсын деген мағынаны білдіреді. Қошқар мүйіз оюын молшылықтың нышаны ретінде қолданады.

Бүгінге дейін қазақ ою-өрнектерінің екі жүзге жуық түрі анықталған. Оюлар түрлері мән-мағынасына қарай 4-ке бөлінеді.

1. Өсімдік тектес.
2. Жан-жануарлар
3. Геометриялық оюлар
4. Аспан әлеміне қатысты оюлар

Сарамандық жұмыс:

1. Оқушыларға алдында тұрған тұмар бұйымын, өздері дайындаған ою-өрнектерін қалай орналастыру және безендіру жолдарын көрсету
2. Бекіту сұрақтары жүргізіледі.

Қорытынды:

Мұғалім: Қазақта өнері асқан Тайжан ағаң,

Оюды жаңа үлгідегі түрін ашқан.

Өрнектеп қалпақ пен зер шапанды,

Қадірлі ел басыға сыйға тартқан.

Олай болса осы сияқты аға, ата жолын жалғастырушы, сегіз қырлы, бір сырлы, білімді ұрпақ болайық. Осымен бүгінгі сабағымыз аяқталды.

Сабақтың тақырыбы: «Тігін машинасының түрлері. Тігін машинасы және машина тігістері. Қоса тігу»

АРНАЙЫ ТІГІН МАШИНАЛАРЫ



Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Машинаның шығу тарихы туралы түсінік беру.

Дамытушылық: Ой-өрістерін, ойлау қабілеттерін, икем дағдыларын қалыптастыру.

Тәрбиелік: Ұқыптылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Жаңа сабақты меңгерту.

Сабақтың әдісі: Аралас

Сабақтың көрнекілігі: машина түрлері көрсетілген плакаттар.

Сабақтың барысы:

1. Ұымдастыру кезеңі.

а) оқушылармен амандасады, түгендейді.

ә) оқушылардың назарын сабаққа аудару.

II. Жаңа сабақ.

Тігін машинасы. Тігін машинасының қол машина, аяқ машина және электр машина деп аталатын түрлері бар. Конструкциялық орындалуы жағынан тігін машиналары астында тұғыры бар қақпақты машина, сандықпақты машина, стол-шкафты машина, жазылмалы

столы бар машина деп бөлінеді. Тігін машинасының үш класы шығарылды: тск тура тігісті – 2 М, тура және бір, екі жіпті инемен ирек тігіс жүргізетін - 132 класты, бір немесе екі жіпті инемен тура немесе ирек сызықты тігіс жүргізетін және арнайы тігіс тігетін 142 класты машиналар. 2 М класты тігін машиналары киім детальдарын бір сызықты тура тігіспен тігуге, шілтері немесе таспа баулы киімді бастыруға, киімнің шеттерін бүтуге, бүрме тігіс тігуге, «ришелье» әдісімен кестелеуге, бір тегіс етіп кестелеуге, жамау жапсыруға арналған. 132 класты машина бұған қосымша ілгектерді торлауға, түйме қадауға, сәндік тігіс түсіруге, бау тігуге, матаның шетін жөрмеуге, ирек сызықты тігіспен бір-біріне түйістіре тігуге болады. 142 класты машинамен жоғарыда көрсетілген жұмыстың бәрін орындап, оған қоса жағдайда ең әуелі оның дұрыс сақталуына көңіл бөліп, содан кейін жіп өтетін серіппелі қысқаштың бұрандасын солға қарай бірнеше рет айналдырып, жіпті қатты тарту қажет. Шөлмектегі жіп қатты тартылып тұрған жағдайда қайықтың сырт жақ бүйіріндегі пружинаның реттеу бинтін сәл босатады. Сондай-ақ, қайық ішіндегі катушка тым тез айналып кеткен кезде де (мұндайда жіп түйіліп, түйін пайда болады) жіптің үзіліп кетуі мүмкін. Мұндай жағдайда шөлмектің астына қалың мата төсеп қою қажет. Шөлмек қайыққа тығыз болған кезде де жіп үзілуі мүмкін. Сонда шөлмекке жіп қажеттегіден артық оралады. Шөлмекке жіп орағанда оның шөлмек жиегіне 1,5-2 мм жетпей тұруын қадағалау керек. Тігіс дұрыс түспесе онда иненің дұрыс орналасуын тексеру (ине түбінің тегіс, жылтыр – беті кейінгі жаққа, ал инедегі кішкене өзекше алдыңғы, жұмыс істеп отырған адам жаққа қарайды) қажет; ине мен жіп нөмірлерінің сәйкес келуін тексеріп, егер ұшы мұқалып немесе майысып қалса инені ауыстырады. Ал машина табаны матаны тартқыш тісті қажетті деңгейде келтіреді (егер олар тиісті деңгейде шығып тұрмаса) немесе реттеуіш винт арқылы машина табанын қатайтады. Жұқа маталарды (мәселен керосин тамызу керек, сосын машинаны біраз жүргізіп барып жақсылап сүртеді де тігін машинасына арналған маймен майлайды. Машиналық белдігі (айналдыру таспасы) айналып кетсе, онда оны сәл қысқартқан жөн. Егер машина бұзылып, тігіс дұрыс түспесе онда машинаны шеберханада жөндетеді.

Тігін машинасының тарихы. XV ғасырда Ленардо да Винчи тігін машинасының жобасын ұсынды.

1755 жыл Англия, Карл Вайзенталь бір жіпті тігін машинасын ойлап тапты.

1834 жыл Уолтер Хант шөрнекті машина жасады.

1900 Ресейде Подальск қаласында «Зингер» зауытын ашты

Тігін машинасы қол жетегінде, аяқ жетегінде және электр жетегіндегі машиналар болып бөлінеді. Заманауи тұрмыстық машина негізінен электр тогының күшімен жүргізіледі. Жетек – бұл машинаның жұмысшы бөлігін қозғалысқа келтіру қондырғысы. Заманауи тұрмыстық электр жетегіндегі тігін машинасы өте шағын, оны жұмысқа тез дайындай аласың.

Тігін машинасының құрылысы: көңіл аударсақ бірінші бөлшегі жең деп аталады. Оның ішінде машинаның құйып жасаған басты вал бөлшегі орналасқан.

Жеңнің оң жағында өзара жалғасқан бірнеше бөлшектен тұратын аяқты беріліс орналасқан. Бұл түйін деп аталады. Машинаның әрбір түйіні қандай да бір жұмысты атқарады. Аяқты беріліс – бұл машинаны қозғалысқа келтіретін түйін.


Аяқты берілістің педалін аяқпен тербетеді. Бұл тербеліс шатунның және қисықшиптің көмегімен айналмалы қозғалысқа ауысады да жібергіш дөңгелек беріледі. Жібергіш дөңгелектің науасына тұйық белдік кигізілген. Белдік жібергіш дөңгелекті машинаның басты валына қондырылған маховик дөңгелекке жалғайды. Әрі қарай машинаны бос жүріске қойып жаттығу орындалады. Тігін машинасын жұмыс орнында жарық сол жақтан түсіп тұратындай етіп орналастырады.

Тұрмыстық тігін машинасы өзінің құрылымы, техникалық мүмкіндігі және сыртқы көрінісі бойынша түрліше болып келеді. Бірақ олардың құрылысы, реттеуі және пайдалану ережелерінің көпшілігі ортақ.

(Слайдпен машина құрылысын көрсету.)

1-шөрнек құрылысы; 2-басу табаны; 3-мата жылжитқыш; 4-жіптартқыш; 5-жіп бағыттағыш; 6-жеңқап; 7-жіп орағышқа арналған өзек; 8-жіп орағыш; 9-айналма дөңгелек; 10-тігіс ұзындығын көрсеткіш; 11-кері жүргіш тетігі; 12-тегіс адымын реттегіш тұтқа; 13-жеңқап тіреуі;


14- тұғыр; 15-жіп бағыттағыш; 16-ысырмалы пластина.



Тігін машинасының бөлшектері:

1 — шөрнек құрылғысы; 2 — басу табаны; 3 — мата жылжытқыш;
 4 — жіптартқыш; 5 — жіп бағыттағыш; 6 — жеңқап (рукав);
 7 — жіп орағышқа арналған өзек; 8 — жіп орағыш; 9 — айналма дөңгелек
 (маховое колесо); 10 — тігіс ұзындығын көрсеткіш; 11 — кері жүріс темігі,
 12 — тігіс адымын реттегіш түтқа, 13 — жеңқап тіреуі,
 14 — тұғыр (платформа), 15 — жіп бағыттағыш,
 16 — ысырмалы пластина.

Тігін машинасының инесі.



Ине — тігін машинасының ең маңызды жұмыс органы. Ине конструкциясын Америкада 19 ғасырдың 30 жылдарында ойлап тапқан.

Тігін машинасы инесінің құрылысы.

1- колба

2- қысқа және ұзын сызық

Ойық сызықшалары.

3- алмас

4- көзі

5- ұшы

III. Бекіту сұрақтары.

1. Тігін машинасының түрлерін атаңыз (қол машина, аяқ машина, электрлі машина, арнайы машина).

2. Тігін машинасының жобасын ұсынған кім (Леонардо до Винчи).

3. Мата неден тұрады? (Талшықтан)

4. Тігін машинасының қандай түрлері бар?

5. Тігін машинасы қандай бөліктерден тұрады?

6. Тігін машинасының ине бөліктерінің құрылысын атаңыздар?

IV. Қорытынды

Бағалау.

Сабақтың тақырыбы: «Тігін машинасының түрлері»

Бытовые машинки

машинки челночного стежка

механические

электромеханические

компьютерные машины

краеобметочного стежка

оверлоки 2-х,3-х,4-х нит.

цепного стежка

плоскошовные

коверлоки

вышивальные

скорняжные (бытовые)

Промышленные

Челночного стежка

Одноигольные

Двухигольные

Зиг-заг

Рукавные

Колонковые

Цепного стежка

Прямострочные

Подшивочные

Оверлоки

Плоскошовные машины

Автоматы

Петельные

Пуговичные

Закрепочные

Вышивальные

Скорняжные

Мешкозашивочные

Ковровые оверлоки

Обувные

и др.



Сабақтың мақсаты:

а) Білімділік: жаңа сабақты меңгере отырып, білімдерін қалыптастыру. Машинатану негіздері, тігін машинасының шығу тарихымен таныстыру.

ә) Дамытушылық: оқушылардың ой-өрісін, көргендерін есте сақтап, оны қайта жаңғыртуға, әсемдікке, ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

б) Тәрбиелік: жұмыс барысында белгілі тәртіп ережесін сақтауға, көмек көрсетуге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: аралас сабақ.

Сабақтың әдіс-тәсілі: баяндау, түсіндіру, көрсету.

1. Ұымдастыру кезеңі.

Оқушыларды түгендеп, сабаққа, сарамандық жұмысқа әзірлігін тексеру.

II. Үй тапсырмасын сұрау:

1. Бастапқы шикізат түріне қарай химиялық талшықтар неше түрге бөлінеді?
2. Синтетикалық талшықтарды қалай алады?
3. Тұңғыш рет химиялық талшықты алған кім, қай жылы?
4. Вискозалы талшыққа жалпы сипаттама.
5. Капронды маталардың кемшілігі.
6. Лавсан дегеніміз не?

III. Жаңа сабақ.

Тігін бұйымдарын дайындауға арналған жабдықтардың ең маңыздысы – тігін машинасы. Осы тігін машинасының шығу тарихына жалпы құрылымына, құрылысына тоқтала өтейік.

- XV ғасырда Ленардо да Винчи тігін машинасының жобасын ұсынды.
- 1755 жылы Англия, Карл Вайзенталь бір жіпті тігін машинасын ойлап тапты.
- 1834 жылы Уолтер Хант шөрнекті машина жасады.
- 1844-1845 жылы Элиос Хоу бір қалыпты жұмыс істейтін тігін машинасын ұсынды.
- 1850-1851 жылы Ален Уилсон мен Исаак Зингер қазіргі заманғы машина түрлерінің негізі дүниеге келді.
- 1870 жылы АҚШ та Исаак Зингер «Зингер» фирмасын ашты.

- 1900 жылы Ресейде Подальск қаласында тұңғыш механикалық зауыт іске қосылды. Машинаның сыртқы дизайндары жасалып, фирманың белгісін жазатын болды.
- 1850-1851 жылғы Ален Уилсон мен Исаак Зингер – қазіргі заманғы машина түрлерінің негізі.

Тұрмыстық тігін машинасы өзінің құрылымы, техникалық мүмкіндігі және сыртқы көрінісі бойынша түрліше болып келеді. Бірақ олардың құрылысы, реттелуі және пайдалану ережелерінің көпшілігі ортақ. Тігін машинасың қол машина, аяқ машина және электр машинасы деп аталатын түрлері бар.

JANOME SW-24 тігін машинасы.

- Кері жүріс тетігі.
- Тігісті реттейтін құрылғы.
- Тігістің ұзындағын реттеуші.
- Тігістің енін реттеуші.
- Жіп орағышы стопор.
- Жіп орағыш шпиндель.
- Катушкалы өзек.
- Жіп орағышты бағыттауы.
- Жіп бағыттағыш.
- Жіп тартқыш рычағы.
- Алып жүруге арналған ұстау тетігі.
- Қосу тетігі.
- Бос жеңқап.
- Қысу табанын көтеру рычағы.
- Жіп берілісін реттеуші.
- Алдыңғы бөлік.
- Жіп кескіш.
- Жіп бергіш.
- Пластина.
- Қысу табанын ұстаушы.
- Инелі өзектің винті.
- Ине.
- Қысу табаны.
- Қосымша бөлік (аксессуарларды сақтау орны).

- Айналма дөңгелек.
- Электр желісіне қосатын бөлік.
- Түймелік рычагы.

Тігін машинасымен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелері.

1. Жұмыс орнын ретке келтіру.
 2. Шашты жинап, жеңді қайыру.
 3. Машинада тіке орындыққа толық жайғасып, денені жай ғана еңкейтіп, басты алға қарай иіп отыру керек.
 4. Жарық жұмыс орнына сол жақтан немесе алдынан түсуі керек.
 5. Тігін машинасын тікелей мұғалімнің жетекшілігімен іске қосу.
 6. Машина мен жұмыс орындаушысының ара қашықтығы 20-30 см.
 7. Аяқтар толығымен еденде немесе аяқ қойғышта (подставка) орнығуы керек.
 8. Машина үстінде артық заттар жатпауы керек.
 9. Машина тігісін бастарда бұйыда түйреуіштер немесе инелер болмауы тиіс.
 10. Жұмыс бастамай тұрып орналасуын тексеру (табанды реттегіш бұранда жақсы ұстап тұр ма, ине тесігіне тура келе ме?).
 11. Матаны қойып табанды түсірмей, тігін машинасын жүргізуге болмайды.
 12. Тігістерді ауыстырғанда инені жоғары көтеріп қою (слайд). Тігін машиналары. Сарамандық жұмыс.
- Машина тігістерін тігу. Жұмысты ұқыпты, тігістерді түзу тігу.


IV. Сабақты бекіту.

1. Қай ғасырда тігін машинасының жобасы ұсынылды?
2. Тігін машинасы не үшін қажет?
3. Тігін машинасымен жұмыс істегенде қауіпсіздік ережелерін ата?
4. Қандай машина тігістерінің түрлері бар?

V. Үйге тапсырма

Сабақтың тақырыбы: «Алжапқышты модельдеу»

Модели фартуков



Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Оқушыларға алжапқышты ретімен дайындауды үйрету. Жұмыстың сипатына байланысты матаның түсін және суретін, формасы бойынша бір-бірін үйлестіретін бөлшектерін таңдай білуді үйрету.

Дамытушылық: Оқушылардың кеңістіктік, шығармашылық ойлау қабілетін, эстетикалық сезімталдығын дамыту.

Тәрбиелік: Оқушыларды ұйымшылдыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.

Көрнекілік құралдары.

Құрал-жабдықтар: картоннан жасалған қыздың суреті, сызғыш, қарындаш, қайшы, қағаз, мата, желім, кружево, лента, жіп, фартуктың шаблону

Сабақтың барысы:

1. Қайталау сұрақтары:

- Өлшемді не үшін алады?
- Өлшемдерді қалай жазады?
- Бұйымды пішу үшін қандай өлшемдер алынады?

2. Жаңа тақырыпты түсіндіру.

Типтік пішу негізінде кез-келген үлгідегі әдемі алжапқышты тігуге болады. Ол үшін алжапқыш бөлшектерінің формаларын өзгерту және өңдеулер жүргізу керек. Осының барлығы киімді модельдеу болып табылады. Киімді дайындау және модельдеу барысында бірнеше мамандар жұмыс жасайды, олар:

Суретші-модельер – киімді модельдейді. Мұндай жұмысты жасау үшін адамның фигурасын, оның пропорциясы және пластикасы туралы білуі керек. Сонымен қатар, тігу ісінің технологиясы, костюмді құрастыру заңдылықтары және де крой мен отделканың сызықтары туралы білуі керек.

Конструктор – сызулар мен пішім бөліктерін дайындайды.

Технолог – сызуларға байланысты киімдерді дайындау ретін жасайды. Кез-келген модельердің жұмысы келесі формуладан басталады: «Кім үшін – не үшін – неден»

Алжапқыш – киімді лас болудан қорғану үшін қолданылады. Осыдан алжапқыштың формасы мен материалы жасалатын жұмысқа байланысты болады. Мысалы, жұмыс жасайтын зауыттың дәнекерлеуші үшін алжапқыш мықты және айтарлықтай жабық формада болуы тиіс. Мұндай алжапқыштарды теріден немесе брезенттен тігеді. Ал үй жұмысы үшін және оқушылар үшін де алжапқышты әр түрлі формада және кружевадан, лентадан, тесьмадан вышивканы қолдану арқылы жасауға болады. Ол үшін табиғи матаны (мақта, лен) қолданған дұрыс. Олар ауа жіберетін, гигроскопиялық, санитарлы-гигиеналық талаптарға сай болып келеді.

Алжапқыштың сызықтарын өзгерту барысында бір нәрсені есте ұстау керек: ол бөлшектердің формасы әртүрлі болмауы тиіс. Егер де алжапқыштың төменгі жағы жартылай шеңберлі, үшбұрышты немесе тік төртбұрышты формада болатын болса, онда қалталары немесе кеудесі де сондай формада болуы тиіс.

Модельдеу ережесі. Егер де алжапқыш қатты матадан тігілетін болса, онда өңдеуді бір түсті ету керек. Негізгі матаның суреті ашық түсті және ірі болған сайын оның өңдеуі ұсақ болуы керек. Ашық түсті маталарды аздап ашық, ақ, қара немесе сұр түспен байланыстыру керек. Өңі ашық, түссіз маталарды ашық өңдеумен жасаған дұрыс.

Практикалық жұмыс.

Тапсырма: Алжапқыштың моделін дайындау.

Практикалық жұмысты орындамас бұрын қайшымен және матамен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы ережесімен таныс болуымыз керек.

Матамен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережесі:

- Инелерді белгілі бір жерде сақтау.
- сынық немесе датт инелер мен түйреуіштерді қолданбау;
- Инемен тек қайып тігу.
- Қайшыларды қаптарында сақтау.
- Жіпті тіспен үзбей, қайшымен қию керек.

Алжапқыштың лекаласын қолдана отырып, қағазға алжапқыштың контурлық сызығын сызу керек.

Жұмысымызды ең алдымен бастағандықтан А3 форматқа сызбасын (эскизін) салып аламыз.

Үлгі суреттер

Таңдалған модель бойынша болашақ алжапқышқа модельдік сызықтарды жүргізіндер.

- Алжапқыштың жаңа моделінің үлгісін жасаңдар.
- Алынған үлгіні матаға қойып, екі қабатқа бүктелген арқау жіп бойынша қайырып, оң бетін теріс қаратып, алынған үлгіні мата бетіне орналастыр.
- Үлгінің контурын жүргізіндер. Тігуге артық сызықтар беріп, бұйымды пішіндер.

- Төс бөлігін, жанындағы қалта сызықтары мен алжапқыштың төменгі бөлігін қайырыңдар.
- Төс пен қалтаға тесьманы тігіндер, тесьмадан аспа бау жасаңдар.
- Алжапқыштың төменгі жағына қалтаны тігіндер.
- Белбеуді пішіндер (матаға түсіріңдер), қиық шеттері бір жақ бетте орналасатындай етіп, ұзындығы бойынша екі қайырыңдар. Көктеңдер.
- Бел сызығы бойынша алжапқыштың төменгі жағына қыстырма жасаңдар. Алжапқыштың ортасына сәйкес белбеуді орналастырыңдар. Белгілеп, тігіндер.
- Көктеген жіпті алып, үтіктеңдер.
- Дайын алжапқышты шақтап көреміз. Жіберілген қателерге түзетулер енгіземіз.

Сабақты қорыту, бекіту кезеңі.

Жұмысты бағалау.

Үй тапсырмасы: Бұйым бөліктерін біріктіріп, қол тігісімен тігу.

Тақырыбы: «Белдемшенің күрделенген үлгісі. Белдемшені пішуге дайындау. Тік белдемшені модельдеу»



Мақсаты: Оқушылардың киім модельдеу жөніндегі білімдерін толықтыру және кеңейту. Модельдеу әдістері мен техникасын, бұйым пішімінің сызбасында қажетті өзгерістер енгізуге, пішімді жинауға, жаңа модель дайындау кезінде лекалаларды қолдана білуге үйрету. Жұмыс атқару кезінде зейінділікке, жауапкершілікке, дәлдікке тәрбиелеу.

Сабақтың әдісі: түсіндірмелі, машықтық.

Пәнаралық байланыс: сызу, математика, қазақ тілі.

Оқыту формасы: фронтальдық, жеке.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі.

- оқушылармен сәлемдесу.
- оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
- сабаққа даярлығын байқау.
- оқушылардың назарын сабаққа аудару.

Жаңа сабақ.

«Ағаш көркі – жапырақ, адам көркі – шүберек». Әр халықтың өз ұлттық киімі болады. Олардың әрқайсысы өзінше әдемі, өзінше қызықты болып көрінеді. Белгілі бір фасонды бұйым тігу үшін пішімнің бөліктерін өзгерту, яғни, модельдеу процесін бұйым үлгісінің суретіне сәйкес атқару керек. Бұл арқылы жаңа модель пайда болады.

Модель – түрі, формасы, материалы және өңделуі жағынан жаңа бұйым дайындауға арналған үлгі. Үлгі сурет, фотосурет, дайын бұйым түрінде болады.

Фасон – формасы, пішіуі, өңдеуі және басқа да ерекшеліктері бойынша киімдердің бір тобына жататындардың ішіндегі айырмашылықтар.

Модельдеу бірнеше әдістер арқылы жүзеге асырылады.

- конструктивтік
- муляждық
- қолданбалы

Қолданбалы әдіс – базалық негіз бөлшектеріне фасон сызықтарын салу. Бұл неғұрлым кең тараған әдіс.

Формасы тар тік белдемше. Таспа сылдырма ілгегі бар. Белдемшенің етегі біржақты бүрмелі.

Етек жағы кеңейтілген тік белдемше. Артқы бойы мен алдыңғы бой бөлігінде үш-үштен қарама-қарсы келген бүрмелі үстеме. Ілгегі бүйір тігісінде орналасқан.

Етек жағы кеңейтілген белдемше. Белдемшенің етегі бүрмелі өңделген.

Қорытындылау.

Модельдеу дегеніміз не?

Модельдеумен кім айналысады?

Фасон дегеніміз не?

Белдемшенің қандай түрлері бар?

Үй тапсырмасы

Белдемшенің модельдеуді аяқтау.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. «Сен білесің бе?» атты тарихи этнографиялық кітаптар топтамасы. «Аруана» баспасы.
2. Балаларға арналған «Бала би» танымдық журналы.
- 3 .3. Сейітжанов «Асыл сөз аталары».
- 4.«Мектептегі технология» республикалық әдістемелік журналы. 2007 ж., №3.
- 5.Ай сайын шығатын «Технология» Республикалық әдістемелік журналы. Бас редактор Әбиева Фарида Бейбітқызы 2006, 2007, 2008, 2009.
- 6.Ай сайын шығатын қоғамдық-саяси, әдеби-көркем және суретті «Қазақстан әйелдері» журналы. 2004, 2005, 2008, 2009 ж. Бас редактор: Баққожа Мұқағали.
- 3.Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. – Алма-Ата: «Өнер» баспасы, 1986 ж. – 256 бет.

ҰСЫНЫСТАР ҮШІН

ҰСЫНЫСТАР ҮШІН

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«ИННОВАЦИЯ» БАСПА ҮЙІ**

**РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
ИЗДАТЕЛЬСТВО «ИННОВАЦИЯ»**



Электрондық почта: **innovation.kz@bk.ru**